

## «MIDDLE ASIA EDUCATION EXPO» ЕУРАЗИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КӨРМЕСІ

2021 жылы 23-28 наурыз аралығында Қырғызстан республиканың екі ірі қаласында-Ош және Бішкекте Еуразиялық білім беру көрмесі өтті.

Ош қаласында (23 және 24 наурыз) студенттер саны бойынша Орталық Азиядағы ең ірі ЖОО - ОШ мемлекеттік университеті, Бішкек қаласында (26-28 наурыз) Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті көрме өткізу алаңына айналды. Көрмені Ош қаласының вице-мэрі И.Раззакова салтанатты түрде ашты.



Іс-шара 9-11 сынып оқушылары мен олардың ата-аналары арасында үлкен резонанс тудырды. Жалпы көрмеге Ош қаласының 53 мектебінен және Бішкек қаласының 77 мектебінен 3 мыңға жуық қырғыз жоғары сынып оқушылары қатысты.

Көрмеге қатысушылар, Ресей, Қазақстан және Беларусьтің 15 жоғары оқу орнының өкілдері экспозицияға қатысудың жоғары екендігін атап өтті: оқушыларды ақпараттандыру жергілікті билік органдары арқылы орталықтандырылып, екі қаланың барлық мектептері, лицейлері мен гимназияларын қамтуға мүмкіндік берді.



Айта кету керек, Қазақстан атынан екі жоғары оқу орны – ҚазҰПУ қатысты. Назарбаев Университеті (сырттай қатысты). ҚазҰПУ атынан көрмеге

маркетинг бөлімінің бастығы А. Каламбаева, шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар кафедрасының профессоры Б. Балғазина, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті Е. Молдасанов қатысты. Талапкерлер ҚазҰПУ-дың 200-ден астам сауалнамасын толтырды. 20 адам орыс тілінен әңгімелесуден өтті.



Көрме экспозициясы кезінде талапкерлер ЖОО өкілдерін қызығушылықпен тыңдап, сұрақтар қойды. Оқушылардың көпшілігі көрмеге қатысушы ЖОО-ның кәсіптендіру пәндері бойынша бірден тестілеуден өтуге дайын екендіктерін білдірді. Ол үшін жеке үй-жай (актзалы) бөлінді, бұл барлық мүдделі қатысушыларға кәсіптендіру пәндер бойынша тестілеуден өтуге, ал жоғары оқу орындарына өздеріне оқуға түсетін кандидаттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Іскерлік қарым-қатынас аясында көрме өткен университет басшылығымен кездесулер де болды. Әріптестер өздерінің оқу орындары туралы айтып, білім берудің өзекті мәселелері бойынша пікірлерімен ұсыныстарымен алмасты және жоғары оқу орындары арасындағы өзара іскерлік қарым-қатынасты дамытуға дайын екендіктерін білдірді.



Қырғызстанның білім беру нарығы барлық бағыттағы білім беру бағдарламаларына жоғары сұраныс көрсетіп, қатысушылардың үмітін ақтады.



Көрмеге қатысушылар іс-шараны ұйымдастырудың жоғары деңгейіне қанағаттанғандықтарын білдірді.

**Шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар кафедрасының профессоры Балғазина Б.С.**